

*Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі / Methods of teaching language and literature /
Методика преподавания языка и литературы*

ҒТАР 14.01.07

Ғылыми мақала

Ж.Т. Дәулетбекова¹, Қ.М. Рай²*Қазақстан-Британ техникалық университеті**Алматы қ., Қазақстан**(E-mail: ¹zh.dauletbekova@mail.ru, ²kairatrai@mail.ru)*

**«Тірі білім» ілімі: Абай және Ақымет Байтұрсынұлы
тұжырымдарының әлем ойшылдары қағидаларымен
сабақтастығы**

Аңдатпа. Бұл мақалада Абай мен Ахмет Байтұрсынұлының «тірі білім» іліміне қатысты ой-тұжырымдары талданып, олардың әлемдік философиялық дәстүрдегі білім табиғаты жөніндегі тұжырымдамалармен астасу арналары анықталады. Зерттеуде «тірі білім» феноменінің адам тәжірибесіне, рухани толысуға және тұлғалық кемелденуге негізделген көне іргелі теориялармен сабақтастығы кешенді түрде қарастырылады. Мақалада Абайдың рухани-интеллектуалдық жетілуді білімнің басты мақсаты ретінде қарастыруы мен Байтұрсынұлының білімді ұлттық сананы қалыптастырушы әлеуметтік-моральдық күш ретінде пайымдауы салыстырмалы талдау негізінде ашылады. Авторлар олардың көзқарастарынан универалистік философиялық принциптер мен мәдени-өркениеттік үндестіктерді айқындап, «тірі білімнің» мәнін кең контексте түсіндіреді. Сонымен бірге, Абай мен Байтұрсынұлы идеяларының заманауи білім беру жүйесіндегі тұлғалық даму, құндылыққа бағдарланған оқыту және сыни-шығармашылық танымды дамыту сияқты өзекті мәселелерді шешудегі әлеуеті негізделеді. Зерттеу нәтижелері «тірі білім» концепциясының қазіргі педагогикалық дискурс үшін де өзектілігін көрсетеді.

Түйін сөздер: тірі білім, іргелі ғылым, заманауи білім беру, дүниетаным

DOI: <https://doi.org/10.71078/986gh958>

Түсті: 30.10.2025; Мақұлданды: 10.12.2025; Онлайн қолжетімді: 25.12.2025.

Кіріспе

«Тірі білім» ұғымын гносеологиялық тұрғыдан талдау тұлғаның танымдық ізденістерімен ішкі сабақтастықта қарастыруды талап етеді. Сол кезде білім мен шындықтың қатынасын, оның тұлға мәдениетін қалыптастырудағы орнын, даму шарттарын, ақиқат өлшемін және сонымен қатар, шынайы білім алудың заңдылықтары мен әдіс-тәсілдерін өзара бірлікте тану мүмкіндігі артады. Сондықтан әлемдік ғылымдағы тірі білім категориясының даму тарихын, оның қалыптасу жүйесін ұлттық топырағымыздағы ұлы тұлғалардың адам жасампаздығына қатысты тұжырымдармен өзара сабақтастықта зерделеу қажет.

Ақымет Байтұрсынұлының еңбегінде алғаш рет кездескен «Тірі білім» ілімінің мән-мағынасына бойлау Абайдың философиялық қағидаларындағы Адам жаратылысының құпия сырлары мен таным үдерісінің арасындағы тығыз сабақтастықтың жолын түйсінуге бастайды. Өйткені А.Байтұрсынұлы негіздеген ілімінің бастау бұлағы Ұлы Хакімнің «Ғалам – Ғылым – Адам» ұштағанына қатысты байламдарымен сабақтасып

отырады. Ой жіберіп қарасақ, Ғалым мен Хакімнің ойларындағы ортақ арналардың болуы кездейсоқ емес. Екі тұлға да жас ұрпақтың қамын жеп, оған дұрыс бағдар беруді көксейді. Бірі адамның қалыптасуын жалпыадамзаттық дейгейде зерделесе, екіншісі оны ұлттық білім берудің көкейкесті мәселелерімен бірлікте қарастырады. Сондықтан да «тірі білімді» ғылым нысанына айналдыра алған Ақымет Байтұрсынұлы болды. Ал, Абай еңбектерінде осы ғылымға өзек болатын іргелі ой-тұжырымдар молынан кездесуі зағды құбылыс деп санаймыз.

А.Байтұрсынұлының бұл мәселеге түгелдей ден қойып зерттеу мүмкіндігі аз болғанмен, қай нәрсенің де ішкі иірімдеріне жылдам ене алатын байырқалы қабілеті мен таным қасиетінің, ой өзегін бірден көре алатын аңғарымпаздығы мен алғырлығының, өз пікір-пайымын соншалықты парасаттылықпен түйіндеп жеткізе білу шеберлігінің нәтижесінде жаңа ілімге негіз болатын аса маңызды тұғырлы идея тұжырымдалғанын айту парыз. Ғалым адамзаттың өмірге келгендегі бүкіл миссиясын жинақтап, ол өмір сүретін ортаның талабын «тірлік шарасы» деп атаған да, сол тірлік шарасына мән дарытатын, адамның жасампаздық қасиетінің бастау көзі саналатын тірі білімді «мәніс білім» және «әдіс білім» деп екіге жіктеген [Байтұрсынұлы, 2003:16]. Әдеттегідей, әр термині өзі білдіретін ұғыммен қабысып кететіні сияқты, бұл терминдер де адамның дамып, жетілу үдерісіндегі екі өзекті негіздің бірлігін дәл ашқан: дүниені тану мен танығанын өз тіршілігінің қажетіне жұмсау әрекетінің түпкі мақсаты мен сипатын дәл анықтаған.

Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» ілімі әр адам өзін қоршаған дүниенің мәнісін білсе, онымен қалай үндесімде жұмыс жасаудың әдісін де біледі деген тұжырымға негізделген. Бұдан шығатын түйін: егер бала жасынан дүниенің мәнісін білуге талаптанса, оған шын қызықса, онда ол ғылымға қарай қадам басады деген сөз. Олай болса, оқу мекемесінде берілетін білімнің қызметі – ғылымға апаратын таным баспалдақтарын дұрыс қалау. Бұл тұста назар аударатын мәселе – бұл жердегі «ғылым» құпиясын тереңге бүккен, кез келген адам бойлай алмайтын әлдебір жұмбақ дүние емес. Ғылым – Адам мен Әлемнің байланысын тану жолы, әркімнің өз «МЕН»-ін табу мүмкіндігі. Ол туралы Абай былай дейді: «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп...» (Абай, 2024: 131). Ал, Ақыметтің жастарды өмірге баули оқыту керек деген ұстанымын жүзеге асырудың тетігі ретінде ұсынып отырған «Мәніс білімі» осы көзбен көрген, ақылмен білген нәрсенің түпкі мәніне бойлауға үйрету қажеттігін меңзеп тұр. Ғұлама «Мәнісін білмеген әдісін де білмейді» деген аталы сөздің төркініндегі ойды «аршып», оны ғылымиландырған. Өзі айтқандай, таным негізін, өмір түйінін халықтың өз тәжірибесімен жинаған «білім сабасынан» тауып, оған «жаңа өмір» сыйлаған. Сонымен қатар, осы ғылыми байламы арқылы ғылымның адамнан тыс немесе қол жетпейтін дүние емес екенін ұғындыра алған. «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды», - дейді Абай. Әйтсе де, жаратылыстан берілген таным мүмкіндіктерін пайдалана білген жан өзін қоршаған әлемге сезім көзімен қараса, Ғаламның «сырын» тани бастайды. Сол «сырдың» кілті – ғылым. Ғылым – ақылмен біліп, көзбен көргенінің түбіне бойлай қарау, сезіну, түйсіну жолымен бойға даритын, санасын өсіретін, өміртанымын өзгертетін, сөйтіп, АДАМ екенін сезіндіретін «тірі білім көзі». Бұл жердегі қос алыптың ғылым мен тірі білімге байланысты жасаған тұжырымдары толық үндесіп жатыр.

Нәтижелер мен талқылау

Абай көксеген, А.Байтұрсынұлы негіздеген тірі білім – әмбебап, көпқырлы құбылыс. Әлемдік педагогика ғылымында «тірі білім» фонеменіне қатысты ой-пікірлерді саралай келгенде, ол тек бірнәрсе туралы білімнен ғана емес, бірнәрсені білуден құралатыны

айқындалды. Бұл деңгейдегі білімге құпиялылық, жұмбақтық, терең сырлы болу тән. Сондықтан бұл мәселені зерттеуші ғалымдардың төмендегі тұжырымдары «тірі білімнің» қабаттарын, табиғатын, оны құрайтын біртұтас аспектілерді тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Абай мен Ақымет Байтұрсынұлы қағидаларына арқау болып тұрған іргелі байламдардың мәнін түсінуге жол ашады. Оларды тұжырымдай айтқанда, тірі білім:

1) «әртүрлі білімдердің өзара бірлікте гүлденуі» - дейді Г.Шпет (Шпет, 2005: 81). Ол жеке бір пәндік білімнен құралмайды. Ондай білімде интеграцияланған ұғымдар басымдыққа ие болады. Мысалы, жер-су атауларына қатысты тақырыпта ұсынылған білімнен оқушы қазақ тіліндегі топонимдердің тарихының, оған қатысты аңыз-әңгімелердің, сол жер-судың өзіне тән табиғи ерекшеліктердің, халықтың этнолингвистикалық пайым қабілетінің, ат қоюдағы тапқырлығының тоғысында қазақтың атамекенге деген махаббатын сезініп қабылдаған кезде ол үшін берілген ақпараттар тірі білімге айналады;

2) «жасырын/имплицитті/ білім» (М. Полани) (Полани, 2015: 211). Яғни білімге тұғыр болатын білім (білімнің формалары, дүниетаным, дүниенің концептуалды емес бейнелері, бейсаналық жалпылаулар мен қорытындылар, есте сақтау-әдет, «жанның жадысы», операциялық және объективті мағыналар, шығу тегі белгісіз күнделікті ұғымдар және т.б.). Расында, «тірі білім» астарлы мәнге ие болуымен ерекшеленеді. Бұл тұста Абайдың «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын тану» талабымен үндестік бой көтереді. Мысалы, тілді оқыту үдерісінде тілдік ұғымдарды ақпарат түрінде меңгерту бар да, берілетін білімнің мәні мен маңызын ашып, қажетіне көз жеткізіп игерту бар. Мәні мен маңызын түсінген кезде ғана бала оны мүлде басқа «қырынан» көреді, өзіндік көзқарасы қалыптаса бастайды. Әр бөлшекке үңіліп, түсініп қараған бала үлкен Жаратылыстың «сырын» тануға қарай қадам басады. Ендігі жерде тіл пәні ол үшін жекелеген ережелердің жиынтығы емесін түсінеді. Осы «сыр» өзі күнделікті қолданып жүрген Тілдің адам баласының Тұлға болып қалыптасуындағы ең құнды дүние екенін түйсінуге әкелетін лингвистикалық дүниетанымның бастау көзіне айналады;

3) «білім туралы білім» деді М.Лютер (Лютер, 2021: 47). Тірі білімнің бұл аспектісінде білімнің өзара қиюласқан/шағылысқан түрлері алға шығарылады. Бұл орайда пәнаралық байланысқа құрылған ой-танымдардың белсенділігі артады. Мысалы, қазақ тіліндегі «түбір» терминінің мағынасын ажырата алу үшін бала биология пәніндегі түбір туралы; ал «буын» терминінің мағынасын толық түйсінуге үшін анатомиядағы буын туралы білімнен хабардар болуы шарт;

4) «білетін білім» (И. Г. Фихте) (Фихте, 1993: 69). «Білген адам білімді өмір бойы іздейді» (Ахмед Иүгінеки) (Иүгінеки, 2006: 11). Бұл – оқушының бойына рухани жағынан өзінің өскеніне, ішкі әлемінің жетілгеніне берік сенім қалыптастыратын, оны ары қарай жетелеп, жағымды эмоция сыйлайтын білім. Мысалы, тілдегі терминдердің мағынасын талдап, түсіну арқылы оқушының тілдік бірліктердің атқаратын қызметін немесе оның лингвистикалық табиғатын тану қабілеті ширайды. Осылайша, бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік деңгейге» жетеді (Абай). Бұл қабілеттің дамуы оның дүниетанымын кеңейтумен қатар, ішкі әлеміндегі өзіне деген сенімділігін арттырады, «жаңа білімге» ұмтылдырады;

5) білмейтінің туралы білім: «Мен ештеңе білмейтінімді ғана білемін» (Сократ) (Сократ, 2023: 13). Тірі білімнің адамға берер ең үлкен сабағы – Ғаламның шексіздігін сезіндіру. Адам ғылымға ден қойып, өзін қоршаған дүниені бар ықылас-ынтасымен, күш-жігерімен тану деңгейіне көтерілген кезде, ғаламның әрбір бөлшегінің (біздің жағдайымызда ол – тіл әлемі) өлшеусіз кеңдігін, тереңдігін, биіктігін түйсінеді. «Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмады. Алла тағала - өлшеусіз, біздің ақылымыз - өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды. Ғалам – өлшеусіз,

адамның ақылы өлшеулі» (Абай) болғандықтан, оны толық тану мүмкін еместігін мойындайды. Сол шексіздігімен оның адамзат баласын өзіне тартып отыратын қасиетін түсінеді. Ғасырлар бойы адамзат баласының дүние сырын тануға деген құштарлығының мәнін, оның шақырушы күшінің сырын ұғынады;

6) білмейтінін білу – «білімге құштарлықтың қайнары, даналықтың бастауы» (Я.Коменский) (Коменский, 2020: 423). Өзінің білмейтінін мойындаған, сол арқылы білуге ұмтылған адам үшін әр алға басқан қадам, әр тапқан жаңалық оның қызығушылығын үздіксіз дамытып отырады. Тынымсыз ізденіс, тиянақты ойлау оның санасын өсіріп, интеллектуалдық тұрғыдан өсуіне алғышарт қалыптастырады, алға ұмтылдырады. Ал, «өзінің білмейтінін білмеу» керісінше, немқұрайдылықтың, ақылсыздықтың, менмендіктің құрбанына айналдырады (Я. Коменский);

7) құпиялылық, «қойнауына жұмбақ бұту» – тірі білімнің ерекше қыры (К. Пигров) (Пигров, 2002: 33). Ғалымның пайымдауынша, «құпиялық – кейбір білімді білмеу туралы білім, дәлірек айтсақ, жұмбақтық – кейбір білімді білмеудің эмоционалды тәжірибесі». Яғни «тірі білім» – жаратылыстың жұмбағы мен құпиялылығын сезінуге бастайтын жол. Жоғарыда айтылғандай, ғалам – шексіз құбылыс. Бірақ адам оның кейбір қырларын тани алады, бірақ осы таным тереңдеген сайын бұл мәселеде әлі де «сырын бүккен» элементтердің шексіздігін де сезіне түседі. Дүниенің сырын ашуға бірде теориялық ойлау мүмкіндік берсе, кейде эмпирикалық әдістер көмек беруі мүмкін. Болжамдар расталмаған жағдайда да ол адамға жағымды эмоция тудырып, жақсы әсерге бөлейді. Өйткені ашылмаған құпияның барын сезінудің өзі жаңа білімге апаратын баспалдақтың алғашқы басқышы болып саналады.

«Тірі білім» Өмірдің өзі секілді көпқырлы. Ғалымдар осы қырларын былайша саралап көрсетеді:

- «білімді өмірдің өз «бейнесінде» немесе соған барынша жақындастырып құрылымдайды: эко-қарым-қатынасты Шығармашылық өмір мен Адам мәдениетінің (өркениетінің емес) сабақтастығында құруға негіз болады;

- жеке тұлғалардың пәндік білімге бағыныштылығын азайта отырып, олардың ішкі шығармашылық байланысына мән бергізеді: Жасампаз Адамның өз өмірін еркін әрі пайдалы қарым-қатынасқа бағыттап ұйымдастыруына өзек болады;

- кез келген құбылысты Өмір, Жасампаз Адам контекстінде қарастыруға себепкер болады;

- формальды логика – диалектика – гносеология байланысын Шығармашылықпен алмастырады;

- теорияның түпкі мәнін өзгертеді: философияны – экософияға, мәдениеттануды – әр тарапты қатынастарды үйлестіретін мәдени-шығармашылыққа айналдырады;

- бүкіл «ғылым-білім» жүйесіндегі басты назарды барлық субъектілердің шығармашылық әлеуетін үздіксіз арттыруға аударады.

Тірі білімнің мәні Адамның мәдени шығармашылық әлемін ғылыми тұрғыдан қол жеткізілген деңгейден де тереңірек, іргелі мазмұнмен толтыруынан көрінеді» (Шилин, 2022: 95).

Тірі білімнің түпкі қызметі – адамның Жаратылыстан берілген жасампаздық қасиетін жандандыруға жол ашу. Оны орындаушылықтан, бейғамдықтан, немқұрайдылықтан, жалқаулықтан, бойкүйездіктен арылту. Әр нәрсенің мәнісін түсіне бастаған кезде адамның алдынан шығатын бір үлкен сұрақ бар. Ол – «Мен кімін?» сұрағы. Бұл сұрақтың жауабын бір сөзбен немесе бір сөйлеммен беру мүмкін емес. Сондықтан ол тірі білімнің бір деңгейіне жеткен кезде қойылады да, сол адамның ары қарай шексіз құпия әлемнің жұмбақтарын шешуге басатын қадамына сәуле түсіреді.

Адам жасампаздығының белгісі – Шығармашылық мәдениетті игеруі! Тірі білімнің де түпкі мақсаты мен нәтижесі – тұлғаның шығармашылық әлеуетін көтеру. Сондықтан

тірі білім бар жерде адамның ойлау белсенділігі артады, креативтілігі ұшталады, өмір сүруге, дүниені тануға құштарлығы күшейеді. Білген сайын білмейтінін сезініп, өршелене алға ұмтылады.

Шығармашылық деңгейге көтерілген Адам баласы өзін тануға, ғаламды тануға, Жаратушыны тануға бет бұрады. Осы бет бұру оның танымындағы Бетбұрысқа себеп болады. Өйткені ол өзіне де, өзін қоршаған әлемге де көкірек көзімен қарайды. Сондағы көретіні:

біріншіден, Адам – Табиғаттың жаратылысы. Оның өмірге келуінің өзі – құпияға толы, тағдыры да ешкім болжай алмайтындай жұмбақ. Оның өмірі сонысымен қымбат, сонысымен құнды, сонысымен қызық. Адам жаратылысы мен болмысының, тіпті өзін-өзі толық тани алмайтындай деңгейде күрделі болуында пенденің санасы жетпейтіндей терең «сыр» бар. Осыны сезінудің өзі сол адамды тірі білімге бастайды;

екіншіден, адам тұтынушы ретінде – формальді әмбебап, биологиялық тұрғыдан – өтпелі. Сондықтан адамдар өзіне бұйыратын ғұмырдың шектеулі екенін, өзінің мәңгілік емес, бұл Өмірге қонақ екенін біле тұра, сол санаулы уақытта бойында бар әмбебап қабілет-қарымын сарқа жұмсауға мүдделі болады. Осы жанталас қанағатсыздықпен астарласады. Адамның тануға деген ұмтылысы, тоқтаусыз алға жетелейтін жағымды мағынадағы «қанағатсыздығы» – оны үздіксіз ізденіске жетелеп отыратын басты тегершікке айналады. Адамға тән осы қанағатсыздық рухани дүниелерге қатысты алғанда өте үлкен мәнге ие. Бұл тегершік адамның өз бойындағы қабілеттерді ұштап, өзінің жаңа қырларын ашуға, Өмірге келгендегі миссиясын түсініп, адамгершіліктің, имандылықтың, білімпаздықтың үлгісін танытуға жеткізеді. Ал, материалдық заттарға қатысы тұрғысынан алғанда, ол түбінде өзі тойса да, көзі тоймайтын қомағайлыққа, сараңдыққа, қулыққа, арамдыққа апарып соқтырады. Ең ғажабы сол: осы екі жолдың қайсысын таңдауды Табиғат Адамның дәрегейіне қалдырған. Осы таңдаудың баяндылығы Өмір таразысында Тірі білімнің қаншалықты салмаққа ие боларына тікелей байланысты; үшіншіден, Адам – өз болашағына өзі жауапты тіршілік Иесі, сондықтан өзінің Өмірінен бастап қоршаған ортасын, айналасын өзгертуге қабілетті, Жасампаз. Сондықтан адам меңгерген тірі білімнің таусылмайтын энергетикасы – оның арман қанатын талмайтындай тегеурінді етеді; тірі білімнің өздігінен көбейетін, өсетін, дамитын, өзгеріп отыратын, жаратылысы біртұтастықтан тұратын, үнемі қозғалысқа итермелеп отыратын қасиеттері адамның бойына қуат, ойына шуақ шашып отырады. Бұл жасампаз жандардың әр ісіне ізгілік дарытады, артына өшпейтін із қалдыртады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, анық болып тұрған жайт: тірі білім тұрғысынан қарағанда, білмейтініңді білу жай білімнен гөрі көп нәрсені қамтиды. Бұл – білімге деген қатынас, білімнің бар-жоғын сезіну, мойындау. Мәселе тек оны шешуде емес, мойындап, санаға енгізе алуда. Бұл, анығын айтқанда, бүтін білімнің доминанттары, басымдықтары. «Тірі білімді» философиялық тұрғыдан қарағанда «қайта жанданатын идея» деп санауға болады. Бұрын да солай болған, қазіргі білім жүйесінде де ол өзінің қажеттігі мен маңыздылығын «сезіндіріп отыр». Сондықтан ұлтымыздың ұлық ойшылдары Абай мен Ақымет Байтұрсынұлының білім, ғылым, тұлға дамуына қатысты тұжырымдарының әлем ойшылдарының пікірлерімен тоғысындағы үйлесімділікті білім кеңістігіндегі заманауи трендтермен бірлікте танудың, оны жүзеге асырудың өзектілігі де дау тудырмайды.

Әдебиеттер тізімі

Байтұрсынұлы, А. (2013). *Алты томдық шығармалар жинағы: Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар*. Елшежіре.

- Абай. (2024). *Қарасөздер*. Атамұра.
- Шпет, Г. Г. (2005). *Мысль и слово. Избранные труды* (Т. Г. Щедрина, ред.). РОССПЭН.
- Полани, М. (2015). *Личностное знание* (М. Б. Гнедовский, Н. М. Смирнова, & Б. А. Старостин, ауд.). Прогресс.
- Лютер, М. (2021). *Избранные произведения*. Издательство Андреев и согласие.
- Фихте, И. Г. (1993). *Сочинения в двух томах. Т. 1. Основа общего наукоучения*. Мифрил.
- Иүгінеки, А. (2006). *Ақиқат сыйы. Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы (10-т.,)*. Фолиант.
- Сократ. (2023). *Я ничего не знаю* (А. Марков, құр., алғ. және коммент.; В. Карпов, С. Соболевский & М. Соловьев, ауд.). АСТ.
- Коменский, Я. А. (2020). *Ұлы дидактика*. Мектеп.
- Пигров, К. С. (2002). Образование как космическое событие. *Symposium: Философия образования (23-ші шығарылым)*. Санкт-Петербургское философское общество.
- Шилин, К. И., & Ларина, А. П. (2022). *Живое знание. Часть I: Живая психология Востока*.

References

- Baitursynuly, A. (2013). *Collected works in six volumes: Articles, letters, documents and materials about A. Baitursynuly*. Elshezhire. [in Kazakh]
- Abai. (2024). *The Book of Words*. Atamura. [in Kazakh]
- Shpet, G. G. (2005). *Thought and word: Selected works* (T. G. Shchedrina, Ed.). ROSSPEN. [in Russian]
- Polanyi, M. (2015). *Personal knowledge* (M. B. Gnedovsky, N. M. Smirnova, & B. A. Starostin, Trans.). Progress. [in Russian]
- Luther, M. (2021). *Selected works*. Andreev & Soglasie Publishing House. [in Russian]
- Fichte, J. G. (1993). *Works in two volumes. Volume 1: Foundations of the entire science of knowledge*. Mifril. [in Russian]
- Iugineki, A. (2006). The Gift of Truth. In *History – the treasury of human intellect* (Vol. 10). Foliant. [in Kazakh]
- Socrates. (2023). *I know nothing* (A. Markov, Comp., Preface & Commentary; V. Karpov, S. Sobolevsky, & M. Solovyev, Trans.). AST. [in Russian]
- Komensky, J. A. (2020). *The Great Didactic*. Mektep. [in Kazakh]
- Pigrov, K. S. (2002). Education as a cosmic event. In *Symposium: Philosophy of Education* (Issue 23, pp. 27–35). St. Petersburg Philosophical Society. [in Russian]
- Shilin, K. I., & Larina, A. P. (2022). *Living knowledge. Part I: Living psychology of the East*. [in Russian]

Zh.T. Dauletbekova¹, K.M. Ray²

Kazakh-British Technical University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: ¹zh.dauletbekova@mail.ru, ²kairatrai@mail.ru)

Doctrine of ‘Living Knowledge’: The Alignment of Абай and Aqymet Baitursynuly’s Concepts with the Principles of Global Philosophers

Abstract. This article examines the conceptual views of Abai and Akhmet Baitursynuly related to the doctrine of “living knowledge” and identifies their intersections with global philosophical traditions concerning the nature of knowledge. The study provides a comprehensive analysis of the phenomenon of “living knowledge” in connection with ancient foundational theories grounded in human experience, spiritual growth, and personal development. A comparative discussion is offered on Abai’s interpretation of intellectual and

spiritual maturity as the central purpose of learning and Baitursynuly's understanding of knowledge as a socio-moral force shaping national consciousness. The authors reveal universal philosophical principles and civilizational parallels embedded in their ideas, thereby expanding the broader conceptualization of "living knowledge." Furthermore, the article substantiates the relevance of Abai's and Baitursynuly's perspectives for contemporary education, particularly in addressing issues of personal development, value-oriented instruction, and the cultivation of critical and creative thinking. The findings demonstrate that the concept of "living knowledge" retains significant relevance for modern pedagogical discourse.

Keywords: living knowledge, fundamental science, modern education, worldview.

Ж.Т. Даулетбекова¹, К.М. Рай²

Казахстанско-Британский технический университет, г. Алматы, Казахстан.

(E-mail: ¹zh.dauletbekova@mail.ru, ²kairatrai@mail.ru)

Учение о "живом знании": соответствие концепций Абая и А.Байтурсынулы принципам мировых мыслителей

Аннотация. В данной статье анализируются концептуальные положения Абая и Ахмета Байтурсынулы, связанные с учением «живого знания», и определяется их сопряженность с мировыми философскими представлениями о природе знания. В исследовании комплексно рассматривается феномен «живого знания» в контексте древних фундаментальных теорий, основанных на человеческом опыте, духовном становлении и личностном совершенствовании. Проводится сопоставительный анализ взглядов Абая, рассматривавшего духовно-интеллектуальное развитие как главную цель познания, и Байтурсынулы, трактовавшего знание как социально-нравственную силу, формирующую национальное сознание. Авторы выявляют универсальные философские принципы и цивилизационные переключки, прослеживающиеся в их идеях, тем самым расширяя понимание сущности «живого знания». Кроме того, обосновывается значимость концепций Абая и Байтурсынулы для современной образовательной системы, особенно в решении вопросов личностного развития, ценностно-ориентированного обучения и формирования критико-творческого мышления. Результаты исследования подтверждают актуальность концепта «живого знания» для современного педагогического дискурса.
Ключевые слова: живое знание, фундаментальная наука, современное образование, мировоззрение.

Авторлар туралы мәлімет:

Даулетбекова Ж.Т. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1862-6680>

Рай Қ.М. – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1573-064X>

Information about author:

Dauletbekova Zh.T. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh-British Technical University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1862-6680>

Ray K.M. – Candidate of Philology, Kazakh-British Technical University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1573-064X>

Сведения об авторе:

Даулетбекова Ж.Т. – доктор педагогических наук, профессор Казахстанско-Британский технический университет, г. Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1862-6680>

Рай К.М. – кандидат филологических наук, Казахстанско-Британский технический университет, г. Алматы, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1573-064X>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License